

Жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 413 қаулысы

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығын лицензиялауды жүзеге асыратын лицензиар болып;

2) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия алу үшін біліктілік емтиханын өткізу бойынша екінші санаттағы рұқсат беруге уәкілетті орган болып айқындалсын.

2. «Жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 239 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 21, 344-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов